

**من خلق الكون؟ ومن خلقتي؟ ولماذا؟
(الحرمين)**

**Бүкіл әлемді кім жаратты?
Мені кім жаратты? Не үшін?**

Бүкіл әлемді кім жаратты? Мені кім жаратты? Не үшін?

Әл-Харам мешіті мен Пайғамбар мешітінің діни істері басқармасының ғылыми комитеті

Бүкіл әлемді кім жаратты? Мені кім жаратты? Не үшін?

Әл-Харам мешіті мен Пайғамбар мешітінің діни істері басқармасының ғылыми комитеті.

Мен тура жолдамын ба?

Көк пен жерді және ондағы нәрселерді, соның ішінде ешкім толық білмейтін ұлы жаратылыстарды – кім жаратты?

Аспан мен жердегі осы дәл әрі кемел жасалған жүйені кім жаратты?

Адамды жаратқан, оған есту, көру және ақыл берген, әрі білім игеріп, ақиқат түрлерін түсінуге қабілетті еткен кім?

Сенің дене мүшелеріңдегі осы аса нәзік шебер жаратылысты кемел еткен, әрі сені бейнелеп, саған өте әдемі келбет берген кім?

Тірі жаратылыстардың алуан түрлі болуы және оның сан қырлы айырмашылықтарына ой жүгірт: оларды шексіз көріністермен аса көркем етіп кім жаратты?

Осы ұлы әлем қалайша ғасырлар бойы мүлтіксіз заңдарымен реттеліп, дәл әрі мінсіз тәртіппен тұрақтанып тұр?

Осы әлемді ретімен басқарып тұрған жүйелерді (өмір мен өлім, тірі жаратылыстардың көбеюі, түн мен күндіз, маусымдардың ауысуы, т.б.) орнатып қойған кім?

Бұл әлем өзін-өзі жаратты ма? Әлде жоқтан пайда болды ма? Әлде кездейсоқ пайда болды ма? Алла Тағала былай дейді:

﴿أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمْ الْخُلُقُونَ ۝٣٥ أَمْ خُلِقُوا الْأَرْضُ وَالْأَرْضُ بَلْ لَا يُوقِنُونَ﴾ (36)

"Немесе олар еш нәрсесіз өздігінен жаратылды ма? Әлде олар жаратушылар ма 35

Не олар аспан әлемі мен жерді жаратты ма? Жоқ! Олар айқын сенбейді 36" (Тур: 35-36).

Ендеше, біз өзімізді жаратпаған болсақ әрі жоқтан немесе кездейсоқ пайда болуымыз мүлде мүмкін болмаса, онда

бұл әлемнің міндетті түрде Ұлы да Құдіретті Жаратушы болуы—шүбәсіз ақиқат. Өйткені бұл әлем өзін-өзі жаратпайды! Жоқтан да, кездейсоқ та пайда бола алмайды!

Неліктен адам көзбен көрінбейтін нәрселердің бар екеніне сенеді? Мысалы: түйсік, ақыл, рух, сезім түрлері, махаббат. Ол осы нәрселердің әсерін көргенінен емес пе? Ендеше, адам жаратылысындағы шеберлігі мен мейірімінің айқын іздерін көріп тұрса, қалайша

осы ұлы әлемнің Жаратушысың бар екенін қалайша жоққа шығарады?

Ешбір ақыл иесі: «мына үйді ешкім салмай-ақ, өзі пайда болды» делінгенді қабыл етпейді! Сондай-ақ: «мына үйді жоқтықтың өзі пайда етті» делінсе де, оны мойындамайды. Онда қалайша кейбір адамдар: «мына ұлы Әлем Жаратушысыз пайда болды» дегенге сенеді? Қалайша ақыл иесі: «Әлемнің бұл мүлтіксіз, дәл тәртібі жай ғана кездейсоқтықтан келіп шыққан» деген сөзді қабыл етеді?

Мұның бәрі бізді бір ғана қорытындыға жетелейді: осы ғаламның Ұлы, Құдіретті әрі Басқарушы Раббысы бар; құлшылыққа лайықты — тек Ол ғана; ал Одан өзге құлшылық етілетін нәрселердің барлығына жасалған құлшылық жарамсыз, өйткені олар құлшылыққа лайық емес.

Раббымыз - Ұлы Жаратушы.

Жалғыз Жаратушы Раббы бар: Ол – бүкіл билік Иесі, Басқарушы, ризық Беруші, Тірілтуші әрі Өлтіруші. Ол жерді жаратып, оны адамдарға бағындырды, Өз жаратылыстары үшін өмір сүруге қолайлы етті. Сондай-ақ, Ол аспан әлемін және ондағы ұлы жаратылыстарды жаратты. Күн мен айға, түн мен күндізге Өзінің ұлылығын айқын көрсететін дәл әрі мінсіз тәртіп орнатты.

Ол - онсыз тіршілік ете алмайтын ауаны бізге бағындырып, бізге жаңбыр жаудырып, теңіздер мен өзендерді де бізге бойсұндырып қойған Алла тағала. Сондай-ақ, Ол - аналарымыздың құрсағында әлсіз шарана күйімізде, күш-қуатымыз жоқ кезде бізді қоректендіріп әрі сақтап келгеннің Өзі. Әрі Ол - туған күнімізден өлгенімізге дейін қанымызды тамырларымызда ағызып қойғанның Өзі.

Сол Жаратушы, ризық-несібе Беруші Раббымыз – Аллаһ субханаһу уа тағалә.

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ وَالنُّجُومُ مُسَخَّرَاتٌ بِأَمْرِهِ ۗ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ ۚ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ 54﴾

"Ақиқатында, Раббыңыз көк пен жерді алты күнде жаратып, кейін Аршыға көтерілген Алла. Ол түнмен, оны жылдам түрде өкшелеп қалмайтын күндізді жабады. Күн, ай және жұлдыздар Оның әміріне бағынышты. Біліңдер, жарату және әмір ету Оның билігінде. Әлемдердің Раббысы Алла аса Берекелі!

54) (Әғраф: 54).

Алла — ғаламда көрінетін және көрінбейтін барша нәрсені Жаратушы Раббымыз. Одан өзгенің бәрі — Оның жаратқаны. Құлшылыққа лайықты — Жалғыз Ол ғана, әрі Онымен бірге ешкімге құлшылық етілмейді. Оның иелігінде

де, жаратушылығында да, істерді басқаруында да және құлшылықта да ешбір серігі жоқ.

Егер біреумен таласып, Алла Тағаламен қатар өзге тәңірлер бар деп ұйғарсақ, әлбетте, ғалам бұзылып кетер еді; өйткені ғаламның ісін бір уақытта екі тәңір басқара алмайды. Алла Тағала айтты:

﴿لَوْ كَانَ فِيهِمَا ءَالِهَةٌ إِلَّا اللَّهُ لَفَسَدَتَا...﴾

"Егер екеуінде (көк пен жерде) Алладан басқа құдайлар болғанда, ол екеуі де бүлініп кетер еді..." (Әнбия: 22).

Жаратушы Раббының сипаттары

Раббы, аса пәк, санап тауысылмас ең көркем есімдер Оған тән; әрі Оның кемелдігін білдіретін аса жоғары, көп әрі ұлық сипаттары да бар. Сол есімдерінің қатарында: Жаратушы (әл-Хо:лиқ) және «Аллаһ». «Аллаһ» – құлшылыққа жалғыз Өзі ғана лайық, ешбір серігі болмаған Құдай деген сөз. Сондай-ақ, мәңгі тірі, бәрін басқарушы, аса Рақымды, Ризық беруші, аса Жомарт. Алла Тағала Құран Кәрімде:

﴿اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ﴾ (255)

"Алла; Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол әл-Хайй (Тірі) , әл-Қаййум (бәріне тіршілік беріп

Басқарушы). Оны қалғу да, ұйқы да баспайды. Көк пен жердегі (барлық) нәрселер Оныкі. Оның алдында Өзі рұқсат бермей тұрып, кім шапағат ете алады ? Ол (Алла) олардың алдындағыны және артындағыны біледі. Ал, олар Оның білімінен, Ол Өзі қалағанынан басқа ешнәрсе білмейді. Оның Күрсиі көк пен жерді қамтиды. Әрі Оған (аса ұлы Аллаға) ол екеуін сақтау ауыр келмейді. Ол—аса Жоғары, өте Ұлы",—деген (Бақара: 255).

Сондай-ақ, Алла Тағала былай деді:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ۝ ۱ اللَّهُ الصَّمَدُ ۝ ۲ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ۝ ۳ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ۝ ۴﴾

"(Уа, Пайғамбар!) Айт: "Ол Алла—Жалғыз 1 Алла—Мұқтажсыз, (ал барлық жаратылыс Оған мұқтаж) 2

Ол (ешкімді) тумады, (ешкімнен) туылмады 3

әрі Оған тең келер ешкім жоқ 4) (Ихлас: 1-4).

Құлшылыққа лайық Раббы барлық кемел сипаттармен сипатталады.

Оның бір сипаты– құлшылық жасалуға лайық екендігі. Ал, Одан өзгелердің барлығы – жаратылған, міндеттелген, бұйрық берілетін және біреудің өктемдігіндегі (Оның құдіретіне тәуелді) нәрселер.

Оның бір сипаты – әл-Хайй (мәңгі Тірі) әрі әл-Қаййум (бәріне тіршілік беріп Басқарушы). Бар болмыстағы әрбір тірі жанға өмір беруші де,

оны жоқтан бар етуші де – Алла; әрі олардың бар болуын, ризық-несібесін және қажеттерінің өтелуін Өзі қамтамасыз етіп, ұстап тұрады. Сондықтан Алла – Тірі, өлмейді, Оның жойылуы мүмкін емес; Ол – әл-Қаййум, ұйықтамайды, Оны қалғу да, ұйқы да алмайды.

Оның сипаттарының бірі — Ол бәрін Білуші, жерде де, көкте де Алладан ешнәрсе жасырын болмайды.

Оның тағы бір сипаты — Ол Естуші, Көруші; әр нәрсені естиді, әрбір жаратылысты көреді; нәпсілердің сыбырлағанын, сондай-ақ, көкіректердің жасырғанын да біледі; жер-көкте еш нәрсе Одан жасырын қалмайды. Ол (кемшілік атаулынан) Пәк.

Оның сипаттарының бірі — Ол аса Құдіретті (әл-Қадир), Оған ештеңе қиын емес, қалауын ешкім кері қайтара алмайды. Ол қалағанын істейді, қалағанын тоқтатады. Қалағанын ілгері шығарып, қалағанын артта қалдырады. Сонымен қатар, Оның даналығы кемел.

Оның және бір сипаты – Ол Жаратушы (әл-Халиқ), ризық Беруші (әр-Разиқ), Басқарушы (әл-Мудаббир); Ол жаратқан барлық жаратылысты реттеп басқарды. Ал, жаратылғандар Оның билігінде және құдіреті астында.

Оның сипаттарының бірі — Ол шарасыздың дұғасына жауап береді, қайғырғанға көмек

береді, қасіретті жояды; әрі әрбір жаратылыс қасіретке не таршылыққа ұшыраса, амалсыздан Оған жүгінеді.

Құлшылық тек Алла Тағалаға ғана жасалады. Өйткені кемел және құлшылыққа лайық Жалғыз Өзі. Одан өзге құлшылық етілгеннің барлығы – жалған; олар кем әрі өлім мен жойылуға ұшырайтын нәрселер.

Алла Тағала бізге Өзінің ұлылығын түсінуге шамасы жететін ақыл нәсіп етіп, бойымызға жақсылықты ұнататын, жамандықты жек көретін туа болмыс (фитра) салды. Адам әлемдер Раббысы Аллаға жүгінгенде, осы туа болмыс тыныштық табады. Бұл туа болмыс Оның кемелдігіне және ешбір кемшілікпен сипатталуы мүмкін еместігіне дәлел болып табылады; Ол барлық кемшіліктен Пәк!

Ақыл иесіне тек Кемелге (мінсізге) ғана құлшылық ету лайық. Олай болса, өзі секілді немесе одан да төмен, кемшілігі бар жаратылысқа қалайша құлшылық етеді?!

Ешбір адам баласы, пұт немесе ағаш, не болмаса қандай да бір жануар құлшылыққа лайық бола алмайды!

Раббымыз Өзінің көктің үстінде, Аршысына көтерілген, жаратылыстарынан бөлек. Оның Өзінің затында жаратылыстарынан ештеңе жоқ, әрі жаратылыстарында Оның затынан ештеңе жоқ. Ол жаратылыстарының ешбіріне

енбейді және ешбірінің денесін алмайды (тәнденбейді).

Раббымыз - Оған еш нәрсе ұқсамайды, Ол - Естуші әрі Көруші. Оған ешкім тең емес, Ол - жаратылысына мұқтаж емес. Оны ұйқы алмайды әрі Ол тамақ ішпейді. Ол - аса Ұлы; Оның әйелі де, ұлы да болуы мүмкін емес. Себебі Жаратушыға ұлылық сипаттар тән. Ол кезкелген мұқтаждық және кемшіліктен пәк!

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ ضَرْبٌ مِّثْلَ فَاسْتَمِعُوا لَهُ إِنَّ الَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَنْ يَخْلُقُوا ذُبَابًا وَلَوْ اجْتَمَعُوا لَهُ وَإِنْ يَسْلُبْهُمُ الذُّبَابُ شَيْئًا لَا يَسْتَفِيدُوا مِنْهُ ضَعُفَ الطَّالِبُ وَالْمَطْلُوبُ ۚ مَا قَدَرُوا اللَّهَ حَقَّ قَدْرِهِ إِنَّ اللَّهَ لَقَوِيٌّ عَزِيزٌ ۚ﴾ 74

"О, адамдар! Бір мысал келтірілді, енді оған құлақ салыңдар. Негізінде, солар, Алладан өзге тілек етіп табынғандарыңның, барлығы бірігіп жиналса да ешқашан бір шыбын да жарата алмайды. Егер шыбын олардан бір нәрсені алып қойса, одан оны кері қайтара алмайды. Талап етуші де, талап етілуші де әлсіз 73

Олар Алланы, Оны қадіріне сай, лайықты түрде қадірлемеді. Ақиқатында, Алла өте Күшті, бәрінен Үстем 74" (Хажж: 73-74).

Осы Ұлы Жаратушы бізді не үшін жаратты? Ол бізден не қалайды?

Алла осы барлық жаратылыстарды мақсатсыз жаратты деу ақылға сыя ма? Ол аса

Дана, бәрін Білуші бола тұра, оларды ермек үшін жаратты ма?

Бізді осындай дәлдік және кемелдікпен жаратқан, көк пен жердегінің барлығын бізге қызмет етуге бағындырған Алланың бізді мақсатсыз жаратуы немесе бізді толғандыратын ең маңызды сұрақтарды жауапсыз қалдыруы ақылға сыя ма? Мәселен: біз неге мұндамыз? Өлімнен кейін не бар? Не үшін жаратылдық?

"Залымға жаза, ихсан қылушыға сый болмайды" деу ақылға сыя ма?

Алла Тағала:

(أَفَحَسِبْتُمْ أَنَّمَا خَلَقْنَاكُمْ عَبَثًا وَأَنَّكُمْ إِلَيْنَا لَا تُرْجَعُونَ 115)

"Сонда Біз сендерді бостан-бос, ермек етіп жаратты, әрі Бізге қайтарылмаймыз, деп ойладыңдар ма?» деген 115" (Муминун: 115).

Керісінше, Алла тағала бізге жаратылуымыздың түпкі мақсатын білуіміз үшін елшілер жіберді. Оған қалай құлшылық етіп, Оған қалай жақындауды нұсқау үшін, бізден не қалайтынын және Оның разылығына қалай қол жеткізетінімізді түсіндіру, сондай-ақ, өлімнен кейінгі тағдырымыз туралы хабар беру үшін.

Алла Тағала елшілерді құлшылыққа жалғыз Өзі ғана лайық екенін бізге жеткізу үшін, Оған қалай құлшылық етуді білуіміз, Өзінің әмір-

тыйымдарын бізге жеткізу үшін әрі бізге адамгершілік (ізгілік) қасиеттерді үйрету үшін жіберді. Соны ұстансақ, өміріміз жайлы, игілік пен берекеге толы болмақ.

Алла көптеген елшілер, мысалы: Нух, Ибраһим, Муса және Исаны жіберді. Оларды Өз тарапынан жіберілгенінің ақиқаттығын дәлелдейтін аяттар және мұғжизалармен қуаттады. Ал олардың соңғысы – Мұхаммед (саллаллоһу ‘алайһи уа салләм) болды.

Елшілер бізге анық түрде бұл өмірдің – сынақ екенін, ал шынайы өмірдің өлімнен кейін болатынын хабарлаған.

Сондай-ақ Аллаға серік қоспай, тек Оған ғана құлшылық етіп, барлық елшілерге иман келтірген мүміндер үшін Жәннат бар екенін, ал Алламен қатар басқа тәңірлерге құлшылық еткен немесе Алла елшілерінің біріне болса да, қарсы келген кәпірлер үшін Алла әзірлеген Тозақтың бар екенін хабарлады.

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿يٰۤاَيُّهَا اٰدَمُ اِمَّا يٰۤاَتَيْنٰكَمۡ رُسُلًا مِّنْكُمْ يَفُصِّلُوْنَ عَلَیْكُمْ ءَايٰتِيۡ فَمَنْ اَنْقَىٰ وَاَصْلَحَ فَلَا خَوْفٌ عَلَیْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُوْنَ ۝۳۵ وَالَّذِيْنَ كَذَّبُوْا بِآيٰتِنَا وَاسْتَكْبَرُوْا عَنْهَا اُولٰٓئِكَ اَصْحٰبُ النَّارِ هُمْ فِيْهَا خٰلِدُوْنَ۝۳۶﴾

"Ей, Адам ұрпақтары! Сендерге іштеріңнен аяттарымды баян ететін елшілер келсе, (оларға бойсұныңдар!) Сонда кім (Аллаға қарсы келуден) сақтанса және (амалдары) түзетсе,

оларға қорқыныш та жоқ әрі олар қайғырмайды 35

Ал, аяттарымызды өтірікке шығарған және өздерін одан жоғары санағандар; міне, солар — тозақтықтар! Олар онда мәңгі қалушылар 36" (Әғраф: 35-36).

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ۚ ۲١ الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ ۚ ۲٢ وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُورَةٍ مِثْلِهِ وَادْعُوا شُهَدَاءَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ ۚ ۲٣ فَإِنْ لَمْ تَفْعَلُوا وَلَنْ تَفْعَلُوا فَاتَّقُوا النَّارَ الَّتِي وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ ۚ ۲٤ وَبَشِّرِ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أَنَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ كُلَّمَا رُزِقُوا مِنْهَا مِنْ ثَمَرَةٍ رَزَقُوا قَالُوا هَذَا الَّذِي رَزَقْنَا مِنْ قَبْلُ وَأَنُوتُوا بِهِ مُتَشَبِهًا وَلَهُمْ فِيهَا أَزْوَاجٌ مُطَهَّرَةٌ وَهُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ۚ ۲۵﴾

"Ей, адамдар! Сендерді және сендерден алдынғыларды жаратқан Раббыңызға құлшылық қылыңдар! Сонда тақуалық қылған боласыңдар 21

Сондай, сендерге жерді төсеніш, аспанды бір құрылым етіп жаратқан (Аллаға). Әрі бұлттан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық ретінде өнімдер шығарған (Аллаға). Енді біле тұра, Аллаға ешкімді теңестірмеңдер 22

Ал, егер құлымызға түсіргенімізден күмәндансаңдар, сол түсіргенімізге ұқсас бір сүре келтіріп, Алладан өзге "куәларыңды" шақырыңдар, егер шын сөзді болсаңдар 23

Ал, егер мұны жасамасаңдар—сендер оны ешқашан жасай алмайсыңдар—ендеше, отыны адамдар мен тас болатын, кәпірлер үшін әзірленген Тозақтан сақтаныңдар 24.

"(Уа, Пайғамбар!) Иман келтіріп, ізгі амал жасағандарды оларға астынан өзендер ағып жататын бақтар болатынымен сүйіншіле! Оларға оның жемісінен бір ризық берілген сайын, олар: «Бұл бізге бұрын да берілген еді», дейді. бірақ, оларға (Жәннатта) оның ұқсасы беріледі. Әрі олар үшін онда тап-таза жұбайлар бар. Олар онда мәңгі қалады 25) (Бақара: 21-25).

Елшілердің көп болуының себебі неде?

Расында, Алла Өз елшілерін барлық үмметтерге жіберді. Алла тағала елші жібермеген бірде-бір үммет болмаған. Елшілер адамдарды өз Раббысына құлшылық етуге шақыру және Алланың бұйрықтары мен тыйымдарын жеткізу үшін жіберілді. Олардың барлығының да шақырудағы түпкі мақсаты — Құдіретті де Ұлы Аллаға ғана құлшылық ету еді. Ал, қай кезде бір үммет өз елшісінің әкелгенін, яғни Алланы бірлеуге шақыруды тастап кетсе немесе оны бұрмаласа, Алла басқа елші жіберіп, жолды түзетуді, адамдарды Алланы бірлеу мен Оған мойынсұну арқылы таза жаратылысқа (фитраға) қайтуды міндет етті.

Ең соңында Алла Тағала елшілерді Мұхаммед пайғамбармен (саллаллаһу ‘аләйһи уа сәллам) тәмамдады. Ол кемел дін және Қиямет күніне дейін күллі адам баласына ортақ мәңгі шариғатпен келді; бұл шариғат өзіне дейінгі шариғаттарды толықтырып, кейбірін күшін жойды. Алла Тағала осы дінді Қиямет күніне дейін мәңгі етті.

**Адам барша елшілерге иман
келтірмейінше, иман келтірген (мүмін)
бола алмайды.**

Елшілерді жіберген — Алла Тағаланың Өзі, әрі Ол барлық жаратқандарына оларға бойсынуды бұйырды. Олардың біреуінің елшілігін жоққа шығарған кісі — барлығының да елшілігін жоққа шығарған болады. Адамның Алланың уахиын терістеуінен асқан күнә жоқ. Жәннатқа кірудің шарты — елшілердің барлығына иман келтіру!

Осы күні әрбір адамға Аллаға, Алланың барлық елшілеріне және Ақырет күніне иман келтіру—уәжіп. Бұл тек олардың соңғысы әрі мөрі – Мұхаммедке (саллаллаһу ‘аләйһи уа сәллам) иман келтіріп, оған ілесу арқылы жүзеге асады. Ол мәңгі мұғжиза – Құран Кәріммен қолдау тапқан; Құранды Алла Тағала жерді және ондағының бәрін мирас ететінге дейін сақтауды Өз қорғауына алды.

Алла Тағала Қасиетті Құранда Өз елшілерінің біріне болсын иман келтіруден бас тартқан кісінің Аллаға кәпір болып, Оның уахиын өтірікке шығарушы екенін хабарлады. Алла Тағала былай деді:

﴿إِنَّ الَّذِينَ يَكْفُرُونَ بِاللَّهِ وَرُسُلِهِ وَيُرِيدُونَ أَنْ يُفَرِّقُوا بَيْنَ اللَّهِ وَرُسُلِهِ وَيَقُولُونَ نُؤْمِنُ بِبَعْضٍ وَنَكْفُرُ بِبَعْضٍ وَيُرِيدُونَ أَنْ يَتَّخِذُوا بَيْنَ ذَلِكَ سَبِيلًا ۝ ١٥٠ أُولَٰئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ حَقًّا وَأَعْتَدْنَا لِلْكَافِرِينَ عَذَابًا مُهِينًا﴾ (151)

"Анығында, сондай Аллаға, Оның елшілеріне қарсы келгендер; Алла мен елшідері арасын айырмақшы болғандар және: «(Елшілердің) кейбіріне сеніп, кейбіріне қарсы келеміз» деп; осының арасында жол табуды қалайтындар; 150

міне, бұлар—нағыз кәпірлер. Ал, кәпірлерге Біз қорлаушы азап әзірледік (151) (Ниса: 150-151).

Сондықтан біз, мұсылмандар Аллаға және Ақырет күніне — Алла бұйырғандай —, сондай-ақ барша елшілерге және бұрын түскен кітаптарға иман келтіреміз. Аллаһ Тағала былай деп айтты:

﴿ءَامَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنْزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ ءَامَنَ بِاللَّهِ وَمَلَكِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ وَقَالُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ﴾ (285)

"Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге сенді және мүміндер де (сенді). Барлығы Аллаға әрі Оның періштелеріне, Оның кітаптарына және

Оның елшілеріне сенді. (Олар): «Біз елшілердің арасын бөлмейміз», - (деді. Әрі олар): «Естідік әрі бойсұндық! Раббымыз! Сенен кешірім тілейміз әрі қайтуымыз Саған!» - деді 285" (Бақара: 285).

Құран Кәрім деп нені айтады?

Құран Кәрім - Алла Тағаланың сөзі әрі Оның уахиы (аян еткені). Алла тағала оны елшілердің соңғысы Мұхаммедке ﷺ түсірген. Ол - Мұхаммед Пайғамбардың ﷺ пайғамбарлығының ақиқат екенін дәлелдейтін ең ұлы мұғжиза. Сондай-ақ, Құран Кәрім өзінің үкімдерінде - ақиқат, хабарларында - шындық болып табылады.

Алла Тағала Құранды жоққа шығарушыларды оның сүрелеріне ұқсас, ең болмағанда, бір сүре келтіруге шақырды. Алайда, олар бұған дәрменсіз болды. Бұл Құран Кәрім мазмұнының ұлылығы және оның адам баласының дүниедегі және Ақыреттегі өміріне қатысты әрселердің барлығын толық қамтығаны себепті. Сондай-ақ, ол иман келтіруі тиіс барлық ақиқаттарды толық қамтыған.

Сонымен қатар, онда адам өз Раббысымен, оның өзіне қатысты немесе қалған жаратылыстармен қарым-қатынасында ұстануы тиіс бұйрықтар мен тыйымдар қамтылып, мұның барлығы жоғары деңгейдегі әдеби шеберлік пен айқындықпен баяндалған.

Сонымен қатар, онда көптеген ақылға қонымды дәлелдер мен ғылыми шындықтар қамтылған. Бұл нәрселер Құранның адам қолынан шықпағандығын, оның адамзат Раббысының сөзі екенін дәлелдейді.

Ислам дегеніміз не?

Ислам — Алла Тағаланың бірлігін мойындай отырып, Оған толықтай мойынсұну, Оның шариғатында бойұсынуды разылықпен қабылдау, сондай-ақ, Алладан басқа нәрселерге құлшылық етуге қатысты күпірлік ету.

Алла Тағала елшілерді бір ғана жолдаумен жіберді. Ол—Жалғыз Аллаға ғана, Оған ешкімді серік қылмай құлшылық етуге шақыру және Алладан өзге құлшылық етілгеннің барлығын терістеу.

Ислам — барлық елшілердің діні. Олардың заңдары түрлі болса да, үндеулері бір. Бүгінгі мұсылмандар — барлық елшілердің әкелген дұрыс дінін ұстанатын жалғыз қауым. Қазіргі замандағы Ислам жолдауы — шындық, ол Жаратушының адамзатқа жіберген соңғы жолдауы.

Ибраһимді, Мұсаны және Исаны жіберген Алла Тағала – Өзі елшілердің ең соңғысы Мұхаммед пайғамбарды да ﷺ жіберді. Ислам шариғаты өзіне дейінгі шариғаттардың күшін жойды.

Бүгін адамдар құлшылық етіп жүрген барлық діндер — Исламнан өзгесі — не адам қолынан шыққан, не әуелде Алла Тағаладан түскенімен, кейін оған адам қолы араласып, бұрмаланып, ертегілер үйіндісі, ата-бабадан қалған аңыз-әпсаналар және адамдардың ойдан қосқан жорамалдары жиынтығына айналған.

Ал мұсылмандардың діні — өзгермейтін айқын бір дін. Сондай-ақ, олардың Аллаға арнайтын құлшылықтары да бір: бәрі де бес уақыт намаз оқиды, мал-мүлкінен зекет төлейді, Рамазан айында ораза ұстайды. Олардың басшылыққа алатын заңы — Құран Кәрім; ол күллі елдерде бір ғана Кітап. Алла Тағала былай деді:

﴿...الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتِمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا فَمَنِ اضْطُرَّ فِي مَخْمَصَةٍ غَيْرَ مُتَجَانِفٍ لِإِثْمٍ فَإِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

"...Бүгін сендерге діндеріңді кемеленіне жеткіздім, сендерге деген игілігімді тәмамдадым әрі сендерге дін ретінде Исламды ұстануларыңа разы болдым. Кім аштық кезінде күнәға көңілі аумай, (тыйым салынған нәрселерді жеуге) мәжбүр болса, (оған күнә емес). Расында, Алла өте Кешірімді, ерекше Рақымды (Мәида: 3).

Сондай-ақ Алла Тағала Құранда былай деді:

﴿قُلْ ءَامَنَّا بِاللّٰهِ وَمَا أُنْزِلَ عَلَيْنَا وَمَا أُنْزِلَ عَلَىٰ إِبْرٰهِيْمَ وَإِسْمٰعِيْلَ وَإِسْحٰقَ وَيَعْقُوْبَ
وَالْأَسْبَاطِ وَمَا أُوتِيَ مُوسَىٰ وَعِيسَىٰ وَالنَّبِيُّوْنَ مِنْ رَبِّهِمْ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْهُمْ
وَنَحْنُ لَهُ مُسْلِمُونَ ٨٤ وَمَنْ يَتَّبِعْ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِيْنًا فَلَنْ يُّقْبَلَ مِنْهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ
مِنَ الْخٰسِرِيْنَ﴾ (85)

(Уа, Пайғамбар!): «Біз Аллаға сендік және өзімізге түсірілген (Құранға) әрі Ибраһимге, Исмаилға, Исхаққа, Йәғқубқа және одан тараған пайғамбарларға (әсбат) түсірілген нәрселерге, сондай-ақ, Мусаға, Исаға және (олардан өзге) пайғамбарларға Раббысы тарапынан берілгенге (сендік). Ешқайсысының арасын бөлмейміз. Біз тек Оған бойсұнушымыз», - деп айт. 84

"Кімде-кім Исламнан басқа бір дін (ұстануды) қаласа, одан мүлдем қабыл етілмейді әрі ол ақыретте зиян шегушілер қатарында болады 85" (Әлі Ғимран: 84-85).

Ислам діні — өмірдің барлық салаларын қамтыған кемел жол. Ол адам жаратылысына (фитраға) да, ақылға да сай келіп, оны дұрыс болмысты жандар қабылдайды. Бұл — Ұлы Жаратушының Өз жаратқандарына заңдастырған (заң етіп бекіткен) діні. Ол адамдар үшін дүние- ақыретте жақсылық пен бақыт әкелетін дін. Исламда бір нәсіл басқа нәсілден, бір түс өзге бір түстен артық емес, адамдардың барлығы тең. Исламда біреудің өзге біреуден артықшылығы тек оның ізгі амалымен өлшенеді.

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿مَنْ عَمِلَ صَالِحًا مِّن ذَكَرٍ أَوْ أَنَّىٰ وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَلَنُحْيِيَنَّهٗ حَيَوةً طَيِّبَةً وَلَنَجْزِيَنَّهُمْ أَجْرَهُم بِأَحْسَنِ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ﴾ 97

"Ер немесе әйелден кімде-кім иман келтіріп, түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істегенінен әлдеқайда жақсы сыйлық береміз 97" (Нәхл: 97).

Ислам – бақытқа апаратын жол.

Ислам - барша пайғамбарлардың діні. Ол - тек арабтарға ғана емес, Алла Тағаланың бүкіл адамзатқа жіберген діні.

Ислам — дүниедегі шынайы бақытқа және ақыреттегі мәңгілік нығметке бастайтын жол.

Ислам – жан мен тәннің мұқтаждықтарын өтейтін, сондай-ақ, бүкіл адамзат мәселелерінің шешімі болып табылатын жалғыз хақ дін. Алла Тағала былай деді:

﴿قَالَ أَهْبِطَا مِنْهَا جَمِيعًا بَعْضُكُمْ لِبَعْضٍ عَدُوٌّ فَإِمَّا يَأْتِيَنَّكُم مِّنِّي هُدًى فَمَنِ اتَّبَعَ هُدَايَ فَلَا يَضِلُّ وَلَا يَشْقَىٰ 123 وَمَنْ أَعْرَضَ عَن ذِكْرِي فَإِنَّ لَهُ مَعِيشَةً ضَنْكًا وَنَحْشُرُهُ يَوْمَ الْقِيَمَةِ أَعْمَى 124﴾

"Алла айтты: "Екеуің (Адам менХауа) одан (жәннаттан) бірге түсіңдер! Сендер бір-бірлеріңе жаусыңдар. Сендерге Менен тура жол (оған нұсқаушы) келіп, кім Менің тура жолыма ерсе, сол адаспайды және бақытсыз да болмайды», деді 123

Ал, кім Менің еске салуымнан (Құраннан) теріс бұрылса, оған тар өмір болады әрі Қиямет

күні оны соқыр күйде тірілтеміз 124) (Та-Һә: 123-124).

Мұсылман бұл дүниеде және ақыретте қандай пайдаға қол жеткізе алады?

Ислам дінінің ұлы пайдалары бар, соның кейбірі:

– Дүниеде абырой мен құрметке ие болу: адамның Аллаға құл болуымен. Әйтпесе, ол нәпсіге, шайтанға және көңіл қалауларына (құмарлық-шәһуат түрлеріне) құл болып кетеді.

Ақыреттегі жеңіс — Алланың оны кешіруі, Өз разылығын нәсіп етіп, Жәннатқа кіргізуі. Сол арқылы адам мәңгілік разылыққа және тұрақты нығметке ие болады. Сондай-ақ, ол Тозақ отынан құтылады.

– Мүмін адам Қиямет күні пайғамбарлармен, шыншылдар, шәһидтер және ізгілермен бірге болады. Олар қандай жақсы жолдас! Ал, кім иман келтірмесе, тағуттар, залымдар, қылмыскерлер және бұзақылармен бірге болады.

- Алла Жәннатқа кіргізгендер өлім де, ауру мен ауырсыну, кәрілік пен қайғы болмайтын мәңгілік игіліктерде өмір сүреді; олар не тілесе, Алла соның бәрін беріп, қалау-тілектерін орындайды. Ал, Отқа кіретіндер ұдайы, толассыз мәңгілік азапта болады.

- Жәннатта көз көрмеген, құлақ естімеген, ешкімнің ойына да кірмеген ләзат түрлері. Бұған дәлел ретінде Алла Тағаланың мына сөзін келтіруге болады:

﴿مَنْ عَمِلَ صَالِحًا مِّن ذَكَرٍ أَوْ اُنْتَىٰ وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَلَنُحْيِيَنَّهٗ حَيٰوةً طَيِّبَةً وَلَنَجْزِيَنَّهُمْ أَجْرَهُمْ بِأَحْسَنِ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَۙ﴾ (97)

"Ер немесе әйелден кім иман келтірген күйі ізні амал жасаса, біз оны, әлбетте, жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен де жақсы сый береміз 97) (Нәхл: 97).

Және Алла Тағала айтты:

﴿فَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مَّا أُخْفِيَ لَهُم مِّن قُرَّةِ أَعْيُنٍ جَزَاءُ بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَۙ﴾ (17)

"Ешбір жан істеген амалдары үшін қайтарым ретінде өздері көзайым болатын қандай қуаныштың жасырылғанын білмейді 17" (Сәжде: 17).

Мұсылман емес кісі қандай зиянға ұшырайды?

Адам баласы білім мен танымның ең ұлысы — Алла Тағаланы тану және Оны білу ілімінен айырылады. Сондай-ақ, ол дүниеде амандық пен тыныштықты, ақыретте мәңгілік нығметті сыйлайтын Аллаға деген иманынан да айырылады.

Адам баласы Алла Тағала түсірген ең ұлы Кітапқа иман келтіруден және оған ілесу нығметінен айырылып, қасіретке ұшырайды.

Ұлық пайғамбарларға иман келтірмей, қиямет күні Жәннатта олармен бірге болу игілігінен де айырылады; Жәһаннам отында шайтандармен, күнәһарлар және тағуттармен бірге болады. Ол нендей жаман мекен әрі жаман көршілік десеңізші!

Алла Тағала былай деп айтты:

﴿قُلْ إِنَّ الْخَاسِرِينَ الَّذِينَ خَسِرُوا أَنْفُسَهُمْ وَأَهْلِيَهُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ أَلَا ذَلِكَ هُوَ الْخَسِرَانُ﴾
﴿الْمَبِيتُ 15 لَهُمْ مِنْ فَوْقِهِمْ ظُلَلٌ مِنَ النَّارِ وَمِنْ تَحْتِهِمْ ظُلَلٌ ذَلِكَ يُخَوِّفُ اللَّهَ بِهِ عِبَادَهُ يُعْبَادُ فَاتَّقُونِ﴾ 16

"(Уа, Пайғамбар! Оларға): «Шын мәнінде, зиян шегушілер—Қиямет күні өздеріне және жақындарына зиян шектіргендер. Біліңдер! Міне, осы—анық зиян 15

Олардың үстінде оттан түнектер және астынан да түнектер болады. Міне, Алла құлдарын осымен қорқытады. Ей, құлдарым, Менен қорқып, сақтаныңдар! 16) (Зумар: 15-16).

Кім Ақыретте (азаптан, жазадан) құтылғысы келсе, Аллаға мойынсұнған мұсылман әрі Елшісіне ﷺ ерген болуы тиіс.

Пайғамбарлар мен елшілер (оларға Алланың сәлемі болсын) бірауыздан келіскен ақиқаттардың бірі: Ақыретте Алла Тағалаға иман келтіріп, құлшылықта Оған ешкімді ортақ қоспаған, әрі барлық пайғамбарлар мен елшілерге иман келтірген мұсылмандардан

өзге ешкім құтылмайды. Сондықтан, елшілерге ерген, оларға иман келтіріп, оларды растаған барлық ізбасарлар Жәннатқа кіріп, Тозақтан құтылады.

Муса ('әлейһиссәлам) заманында өмір сүріп, оған иман келтіріп, оның шариғатына ергендер; олар—мұсылмандар әрі салиқалы мүміндер болып табылады. Алайда, Алла Исаны ('әлейһиссәлам) жібергеннен кейін, Мусаға ('әләйһиссәлам) ілескендерге Исаға ('әләйһиссәлам) иман келтіріп, соған ілесу уәжіп болды.

Сөйтіп, кімде-кім Исаға ('әләйһиссәлам) иман келтірсе, олар – салиқалы мұсылмандар. Ал, Исаға иман келтіруден бас тартып, «Мен Мусаның ('әлейһиссәлам) дінінде қаламын» десе, ол – Алла жіберген пайғамбарға иман келтіруден бас тартқаны үшін мүмін бола алмайды.

Сосын АллаһТағала елшілердің соңғысы Мұхаммедті ﷺ жібергеннен кейін, бәрі де оған иман келтіруге міндетті болады. Себебі Муса мен Исаны жіберген Алла Тағала болса, елшілердің мөрі Мұхаммедті де жіберген — сол Алла Тағала. Ендеше, кім Мұхаммедтің ﷺ елшілігіне күпірлік етіп, «мен Мусаға немесе Исаға еріп қала беремін» десе, ол — мүмін емес.

Адамның мұсылмандарды құрметтейтінін айтуы жеткіліксіз, әрі оның ақыретте құтылуы

үшін садақа беріп, міскіндерге көмектесуі де жеткіліксіз. Бәлкі, Алла Тағала мұны одан қабыл етуі үшін, оның Аллаға, Оның кітаптарына, пайғамбарларына ('алайһимуссәлам) және ақырет күніне иман келтіруі міндет. Өйткені, Аллаға серік қосу мен күпірлік, Алла түсірген уахиды жоққа шығару немесе Оның соңғы пайғамбары Мұхаммедтің ﷺ пайғамбарлығын қабылдамаудан ауыр күнә жоқ.

Яһудилер, христиандар және өзге діндер өкілдері арасынан Алланың елшісі Мұхаммедтің жіберілгені туралы естіп, Оған иман келтіруден және Ислам дініне кіруден бас тартқандар тозақтың мәңгілік тұрғындары болады. Бұл – әлдебір пенделердің емес, Алланың үкімі. Алла Тағала айтты:

﴿إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ فِي نَارِ جَهَنَّمَ خَالِدِينَ فِيهَا أُولَئِكَ هُمْ شَرُّ الْبَرِيَّةِ ۖ﴾

"Ақиқатында, Кітап берілгендердің күпірлік еткендері және мүшріктер Жәһаннам отында мәңгілік қалады. Міне, солар жаратылғандардың ең жаманы 6) (Бәйинә: 6).

Алла Тағаладан адамзатқа арналған соңғы жолдау түскендіктен, Ислам туралы және соңғы пайғамбар Мұхаммедтің ﷺ жолдауы туралы естіген әрбір адамға оған иман келтіріп, оның шариғатына ілесіп, оның бұйрықтарына

мойынсұнып, тыйымдарынан тыйылу уәжіп. Сондықтан, осы соңғы жолдауды естіп, оны қабыл етуден бас тартқан адамнан Алла Тағала еш нәрсе қабыл етпейді және оны Ақыретте азаптайды.

Оған дәлелдердің бірі – Алла Тағаланың мына сөзі:

﴿وَمَنْ يَبْتَغِ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا فَلَنْ يُقْبَلَ مِنْهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخَاسِرِينَ 85﴾

"Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, одан мүлдем қабыл етілмейді. Ол ақыретте зиян көрушілер қатарында болады 85) (Әлі Ғимран: 85).

Сондай-ақ, Алла Тағала былай деді:

﴿قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ أَلَّا نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللَّهِ فَإِنْ تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ 64﴾

"(Уа, Пайғамбар! Иудейлер мен христиандарға): «О, Кітап берілген қауым! Бізге және сендерге бірдей (маңызды) бір сөзге келейік: Алладан басқа ешкімге құлшылық қылмайық, Оған ешнәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ, бір-бірімізді Алладан өзге иелер етіп алмайық»,—де. Егер олар бет бұрса, (о, мүміндер,): «Біздің мұсылман екенімізге куә болыңдар!»—деп айтыңдар 64" (Әлі Ғимран: 64).

Мұсылман не істеуге міндетті?

Әрбір мұсылман иманның осы алты тірегіне иман келтіруге міндет.

Алла Тағалаға иман келтіру және Оның — Жаратушы, Ризық беруші, бүкіл ғаламды Басқарушы, оның Иесі екеніне сену; Оған ұқсас ешбір нәрсе жоқ; Оның жұбайы да, перзенті де жоқ; құлшылыққа лайықты Жалғыз Ол ғана; Одан өзге ешкімге құлшылық етуге болмайтынына сену; сондай-ақ Одан басқаға жасалған барлық құлшылықтың жарамсыз екенін мойындау.

Періштелерге иман келтіру – олардың Алла Тағаланың құлдары екеніне, Алла Тағаланың оларды нұрдан жаратқанына және олардың бір міндеті – Оның пайғамбарларына уахи жеткізу екеніне сену.

Алла пайғамбарларына түсірген барлық кітаптарға (бұрмаланбаған Тәурат пен Інжіл секілді) иман келтіру және кітаптардың соңғысы — Қасиетті Құран сену.

Барлық елшілерге, атап айтқанда Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса (барлығына Алланың сәлемі болсын) және олардың соңғысы – Мұхаммедке ﷺ иман келтіру; олар Адам атаның ұрпағынан шыққан пенделер, Алла Тағала оларды уахимен қолдап, олардың

шыншылдығына дәлел болатын айқын дәлелдер мен мұғжизалар берді.

Ақырет күніне иман келтіру — Алла алғашқы және соңғыларды қайта тірілтіп, жаратқандары арасында төрелік етіп, мүміндерді Жәннатқа, кәпірлерді Тозаққа кіргізетін сол Күнге иман келтіру.

Тағдырға иман келтіру: Алла Тағаланың өткенде не болғанын және болашақта не болатынын, бәрін толық білетініне; әрі Алланың мұның барлығын алдын ала біліп, жазып қойғанына, оны қалағанына және барлық нәрсені жаратқанына иман келтіру.

Сондай-ақ, әрбір мұсылман Аллаға Оның шарифат еткен (бекіткен) намазын орындау, зекет беру және ораза ұстау арқылы құлшылық етуге, әрі мүмкіндігі болса қажылықты өтеуге; содан кейін бұл дүниенің бақыты және Ахыреттегі құтылудың көзі болатын дінін үйренуге міндетті. (Б.Ж.).

Бүкіл әлемді кім жаратты? Мені кім жаратты? Не үшін?	2
Бүкіл әлемді кім жаратты? Мені кім жаратты? Не үшін? .2	2
Раббымыз - Ұлы Жаратушы.	4
Сол Жаратушы, ризық-несібе Беруші Раббымыз – Аллаһ субханаһу уа тағалә.	5
Жаратушы Раббының сипаттары.	6
Құлшылыққа лайық Раббы барлық кемел сипаттармен сипатталады.	7
Осы Ұлы Жаратушы бізді не үшін жаратты? Ол бізден не қалайды?	10
Елшілердің көп болуының себебі неде?	14
Адам барша елшілерге иман келтірмейінше, иман келтірген (мүмін) бола алмайды.	15
Құран Кәрім деп нені айтады?	17
Ислам дегеніміз не?	18
Ислам – бақытқа апаратын жол.	21
Мұсылман бұл дүниеде және ақыретте қандай пайдаға қол жеткізе алады?	22
Мұсылман емес кісі қандай зиянға ұшырайды?	23
Кім Ақыретте (азаптан, жазадан) құтылғысы келсе, Аллаға мойынсұнған мұсылман әрі Елшісіне ﷺ ерген болуы тиіс.	24
Мұсылман не істеуге міндетті?	28